# Зырян ауданы Средигорное ауылдық округі Шіріккайың ауылында шектеу іс-шараларын енгізе отырып карантин аймағының ветеринарлық режимін белгілеу туралы

***Күшін жойған***

Шығыс Қазақстан облысы Зырян ауданы Средигорное селолық округі әкімінің 2013 жылғы 30 қыркүйектегі N 1 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 17 қазанда N 3068 болып тіркелді

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Зырян ауданы Средигорное селолық округі әкімінің 11.12.2013 N 2 шешімімен.

РҚАО ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі «Ветеринария туралы» Заңының 10-1 бабы 7) тармақшасына сәйкес, Зырян ауданының мемлекеттік бас ветеринарлық-санитарлық инспекторының 2013 жылғы 18 қыркүйектегі № 598 ұсынысының негізінде Средигорное ауылдық округінің әкімі **ШЕШТІ**:

1. Ірі қара мал арасында пастереллез шығуына орай Зырян ауданы Средигорное ауылдық округінің Шіріккайың ауылында шектеу іс-шараларын енгізе отырып карантин аймағының ветеринарлық режимін белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы Министрлігінің ветеринарлық бақылау және қадағалау комитетінің Зырян аудандық аймақтық инспекциясының мемлекеттік ветеринарлық-санитарлық инспекторы С. Кумпеисов аталған шектеу іс-шараларының талаптарының орындалуына бақылауды қамтамасыз ету ұсынылсын.

3. Средигорное ауылдық округінің ветеринария мәселелері жөніндегі бас маманы Д. Нурканов сауықтыру іс-шараларын ұйымдастырсын.

4. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасауды өзіме қалдырамын.

5. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

| | |
|---|---|
| *Средигорное селолық округі әкімінің міндетін атқарушы*<br>*«КЕЛІСІЛДІ»*<br>*Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы Министрлігінің ветеринарлық бақылау және қадағалау* | *Н. Куковская* |

| | |
|---|---|
| *комитетінің Зырян аудандық аймақтық инспекциясының мемлекеттік ветеринарлық-санитарлық инспекторы* | *С. Кумпеисов* |

« 01 » қазан 2013 жыл

| | |
|---|---|
| *«Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау министрлігінің мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Шығыс Қазақстан облысы бойынша Департаментінің Зырян ауданы бойынша мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің басшысы* | *С. Сахитов* |

« 01 » қазан 2013 жыл

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК